АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

№
Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

город Актобе

2025 жылғы «25» желтоқсан **№ 275-нқ**

Мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VIII ҚРЗ Заңының *(бұдан әрі - Заң)* және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. **«Облыстық әкімдік ғимараты үшін интернет желісіне қол жеткізу қызметтері»** бойынша Заңның 16-бабы 3-тармағының 35) тармақшасына сәйкес *(Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: ... егер мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі ішіндегі, бірақ екі айдан аспайтын мерзімдегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса. Осы тармақша өнім беруші алдыңғы жылы жасалған шарттың қолданысын ұзартудан бас тартқан жағдайда, егер мұндай мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылатын болса немесе тапсырыс беруші ағымдағы қаржы жылы ішінде құрылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда, бірақ екі айдан асырылмай қолданылады)* тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты деректерді басқару бөлімінің бас маманы Жансая Нұрлыбайқызы Сенгирбаевамен:

1) Заңның 5-бабына сәйкес, көзделген мемлекеттік сатып алу процестерінің қағидаларын сақтай отырып, Өнім беруші айқындалсын;

2) Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасы жолдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысының м.а. **Г. Нукусова**

000982